

## ЖАРЫЛҒЫШ МАТЕРИАЛДАР ӨНДІРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫМЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӘСПОРЫНДАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 19 қаңтар 1994 ж. N 78. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі жарылғыш материалдар өндіру және жарылғыш материалдар құрамын дайындау техникасы жөніндегі "Нитрожарылғыш" Ресей акционерлік қоғамымен бірлесіп әзірлеген 1993-2000 жылдары Қазақстан Республикасының кәсіпорындарын жарылғыш материалдармен қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекетаралық кешенді бағдарлама  
м а қ ұ л д а н с ы н .

2 . < \* >

3 . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 2,3-тармақтар күшін жойды - ҚРҰ-нің 1996.10.24. N 1296 қаулысымен .*

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі 1994-1998 жылдары Ақтау азот-тук зауыты қайта жаңартуды және жергілікті пайдаланылатын жерлерінде жарылғыш материалдар дайындау үшін жылына 300 мың тонна түйіршіктелген аммиак селитрасын өндіру жөніндегі қуаттарды іске қосатын болсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Ақтау азот-тук зауытының қайтадан жаңартылатын объектілері мен ондағы жұмыс түрлерін жыл сайын аса маңызды құрылыстардың тізбесіне енгізсін және оны Қазақстан Республикасының Экономиканы өзгерту қорынан қаржыландыруды қарастыратын болсын.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

*бірінші орынбасары*